



"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне көші-қон мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 10 шілде N 931

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне көші-қон мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне
көші-қон мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне толықтырулар енгізілсін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы шетел азаматтарының құқықтық жағдайы туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 U952337_ заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 9-10, 68-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 2001 жылғы 20 наурызда "Егемен Қазақстан" және 2001 жылғы 20 наурызда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне көші-қон мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 наурыздағы Z010164_ Заңы):

28-баптың екінші бөлігіндегі "ішкі істер органдарының" деген сөздердің алдынан "Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүргізіледі" деген

с о з д е р м е н

т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы

13 желтоқсандағы

Z970204_

Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жаршысы, 1997 ж., N 24, 341-құжат):

мынадай мазмұндағы 29-1-баппен толықтырылсын:

"29-1-бап. Қазақстан Республикасынан тысқары шығару

Иммигранттарды Қазақстан Республикасынан тысқары шығару шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқықтық жағдайы туралы заңдармен айқындалатын жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады".

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Икебаева Ә.Ж.